

мығамын, біреуге кетті ме деп тілім тиіп», деп аяқтайды.

Тауыса алман дүние кебін айтып, санап,
Хәкім аз іс ететін ғаділ қарап.
Залымдар айран ішіп аман кетіп,
Момындар тұтылып жүр шелек жалап.

Мысал «Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады» деген халық мақалын еске салады. Ахмет мысалдарында ұлттық мақал-мәтелдер мазмұнына қарай талғампаздықпен қолданылады. Мәселен, «Әлін білмеген әлек», («Өгіз бен бақа»), «Бастан құлақ садаға» («Қасқыр мен тырна»), «Халық айтса қалып айтпайды» («Қарға мен түлкі»), «Жаксылықты басыңа қыл, басыңнан асса, досыңа қыл» («Қара бүлт»), «Не ексең, соны орасың» («Қасқыр мен мысық») т.б.

Ахмет мысалдары қазақ халқын бірлікке, ынтымаққа уағыздайды. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалы арқылы алған жүкті үш жаққа тартқан алауыздықты шенесе, «Малшы мен масада» жылан шағайын деп келе жатқанда, шағып оятқан масаның достығын түсінбеген малшыны кінәлайды. Ақын өзін ұйқыдағы халқына достығын ұсынған масаға теңейді.

Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік аңдып баққан.
Пәленің түрін көрген мен – Сарымаса
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.
Ойлаймын осы сөз де жетеді деп,
Қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп,
Ұйқысы ашылмаған жүрт өзімді,
Қорқамын сарымасадай етеді деп.

Ақын осы ойын толықтырып жазған өз өлеңдерінің жинағын кейін «Маса» қойды /3. 59/.

Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағын-

дағы «Сөз иесінен» атты беташар өлеңінде «Маса» деп отырғаны өзі екенін ұқтыра келіп, автор өз шығармашылығының басты нысанасын:

Ызындап ұшқан мынау – біздің Маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын Маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, кара яки қызыл Маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын, аз да болса, бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?!

деп атап көрсетеді. Бұл жинаққа «Маса», «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскеннің сөзі», «Адамдық диқаншысы», «Бак», «Тарту», «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Жұбату», «Н. Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И. Б. Жездеме хат», «Жауап хаттан», «Ғылым», «Замандастарыма» сияқты төлтума өлеңдерімен қатар Вольтер, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Ю. В. Жадовская, С. Я. Надсон сияқты Ресей мен Еуропа ақындарының өлеңдерінен аудармалар мен автордың үш мысалы енген.

1. А. Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы, 2003.

2. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынов. Кітапта: Міржақып Дулатов. Шығармалары. Алматы, 1991.

3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. Алматы, «Білім» қоғамы 1991.

* * *

В статье раскрываются жанровая особенность и художественность басен И.А. Крылова в переводе Ахмета Байтұрсынова.

* * *

The article deals with the genre and feature the artistry of fables, IA. Krylov, translated Ahmet Baitursynov.

Т. Сейдімханова

С. СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАҚСЫЛЫҚ САРЫН, ТҮРМЫС- САЛТ САРЫНДАРЫ

Бақсы жырларындағы образды суреттеулердің сыр сипатын бейнелеуі де С. Сейфуллин зерделеуінен қағыс қалмаған.

Сәкен бақсы жырларының айырым – ерекшелігін, адамға әсер – ықпалының дәреже –

деңгейін жақсы таныған: «Бақсы жырларының сарыны халықтың өзге сарын – күйлерінен бөлек, өзгеше болады. Бақсы жырларының күйі суық, жат сарынды, тыңдаған надан адамның сезіміне суық иял елестеткендей, надан адамның

бойын шымырлатып, ойын түршіктіргендей болады.

Қазақ арасында болған бұрынғы бақсылардың ең зоры, ең ескісі Қорқыт деп саналады. Қорқыт – бақсылардың атасы деп саналады. «Қорқыт өлімнен қашқан екен... қайда қашып барса да, алдынан қазылып жатқан қор кез бола берген» екен. Қайда барса да қорқыттың көрі болған соң, «өлімге берілген...» дейді. [1. 68]

Сәкен, халық ұғымында кез келген наным – сенімнің жақсы, жаман, зиянды, зиянсыз, ақ, қара болып екі дай бөлікке сараланатын жақсы аңғарған.

С. Сейфуллин: «Құт», «қыдыр», «дәулет» деген адамға жақсылық келтіретін «иелер» бар деп сеніп адамға қастық зиян келтіретін, «жұт», «бәдік», «албасты», «мәлік», «қорасан», «топалаң» сияқты «зияндас», «иелер» бар деп сенген. Бір «ие» адамға достық қылса, оған қарсы екінші бір «ие» қастық қылады деп сенген» - деп түйіндейді. [2. 65]

Зерттеуші, алғыс пен қарғыс жайлы: «...көктегі «тәңір», жердегі көп «иелер» әр қайсына туралап тілек айтқан пенденің дегенін қабыл қылады деп нанатын. Сондықтан біреуден – біреу кейіс көрсе, кейіткен, жәбір көрсеткен адамды қарғайтын. Ал біреу – біреуден жақсылық көрсе алғыс айтатын. «Тәңірге» құлшылықты көбірек істеген адамның қарғысы да, алғасы да көктегі «тәңірі» мен жердегі көп «иелерге» өтімді болады деп сенетін. [3.165].

Қазақтың ұғым – түсінігіндегі «құт», «дәулет», «бақ» бұлардың ел аралап, сүйген адамына қонатынын, кейбір жанға түнеп қана өтсе, енді біріне ұзақ орнайтынын талдай келе С.Сейфуллин осы пікірінің дәлелі ретінде мына бір өлең үзіндісін мысалға келтіріп өтеді: Мәселен, халық түсінігінде Қыдыр бір кеште кімде – кімнің үйіне түнеп, қасиеті «дарыса», сол үйдің жан басы көп болады, үйі – ырыс – несібеге толы болады. Бұл ой да – С. Сейфуллин ұшқыр қиялынан қияс қалмай, талданған.

Зерттеуші, халықтың әр түліктің өзін желеп – жебеушісі, иесі, пірі болатынын айта келе Қазығұрт тауы жайлы аңызды талдайды.

Түс көру, түс жору сияқты наным – сенімдердің халық ұғым- түсінігінде берік орныққаны белгілі жай. Бұл наным – сенімдер халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде жиі кездеседі.

Сәкен шығармаларындағы қазақ халқының түс – көру, түс жору хақындағы наным – сенімдері жайлы сөз болғанда, ақынның «Түс» және «Лашынның әңгімесі» атты екі өлеңін ерекше айтуымыз абзал.

Әрине, ақын бұл екі өлеңінде халықтың түс көру, түсті жору наным – сенімдерін айту үшін, оларды өз шығармаларына тікелей арнау етіп отырмағаны белгілі. Дегенмен, Сәкен өзінің айтар ойын, түйер қисынды пікірін халықтың түс көру, оны жақсылыққа жори білу үрдісімен бергенді жөн көрген.

Жапырағы қираған, діні семген бақтың ішіндегі көк шыбықтардан үміт күтуін, қаптаған жауымен жалғыз айқасып, әлі келмей, аспанға ұшып кеткен лашынның қайта күш жиып келіп жамайдықпен арпалысуына үміт артуын – түсті жақсылыққа жори білуін – Сәкеннің туған халқының түс көру, түс жору наным – сенімдеріне жалпы халық мұрасына, халық ұғым – түсінігіне көзқарас тазалығының дәлелі болса керек деп бағалағанмыз жөн.

Қазақ атаған рулар ислам дінін қабылдамай тұрған кезде-ақ тәңірге табынып, «аруақ - жебеушілер» бар деп, соларға құлшылық еткен. Сәкен шығармаларынан осы сарындарды мейрам тақырыптарына айтылған өлеңдер легінен көреміз. Соның бірі қазақтың ұлы мейрамдарының бірі – айт күніне, наурыз мейрамына байланысты туған өлеңдер тобы. Сәкеннің «Айт күні» өлеңі ежелгі дәстүрді пайдалана отырып оған жаңа заман рухын бере отырып жазған туынды болып табылады.

Токшылық бүгінгі күн берекелі,
Көңілді, ойын – күлкі мерекелі,
Әр адам өз әлінше айт қылып жүр,
Дүниенің сезінгендей кең екені:
Талғамай жақсы – жаман, кәрі – жасын,
Бай – кедей, бөтен – жақын, ауылдасын...
жарияланған.

Қыз ұзату тойы кезінде қазақтың әдет – ғұрып салттарын, жөн – жосықтарын суреттеуге жазушы молырақ көңіл бөледі. Автор екі ауылдың кәсіпсіз өміріне бірқатар сын да жасайды. Бір-бір ат мініп, шапанды желбегей салып, той жасайтындардың дарақылық мінездерін де әжуалайды. Етке өкпелеп, табақ лақтыратын мінез – қылықтарын шешеді. Осындай сынға ұшырған әдет – ғұрыптың надан салттары есебінде балуан күресінде жеңген адамның бәйгесіне, аты озған адамның үлесіне жармасып, «Жол сұрап» таласушылықты көрсетеді.

«Көшу» деген өлеңінде жазғытұры табиғатты қазақтың көшпелі өмірімен шебер байланыстырады. Көш суреті мұнда да бар, бірақ ақын көште әр түрлі қоғамдық тап барын ескертеді.

С.Сейфуллин шығармаларында ұлттық бояу – нақыш кейіпкер сипатын суреттеуде, мінез - әрекетін ашуда көптеп кездеседі.

Табиғатты суреттеуде де, зат – бұйымдарды өрнектеуде де жазушы қаламы ұлттық бояуға етене жақын.

С.Сейфуллиннің шығармаларында фольклорлық, этнографиялық, ұлттық бояу – нақышты көріністер молынан қамтылулы шығарма желісінің ширақ боп өрбуіне, көркемдік тілдің шұрайлылығына көп себін тигізетіні ақиқат. Елдің тыныс – тіршілігіне қатысты сахналық көріністер, образ іс - әрекеттерінің ерекшелігі сомдалуы – негізінен осы әдіс арқылы іске асады.

Халықтың тұрмыс – тіршілігімен, наным – сенімдерімен тығыз байланыста келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі – тұрмыс салт өлеңдері.

Салт өлеңдері – көне заманда туып, ел арасына кең тараған халықтың мәдени қазынасының бір түрі. Сол көнелік себебінен де бұл өлеңдер көп дәуірді басынан кешіп өткен. Қазақ халқының өмір – тіршілігін, әдет – ғұрпын әңгімелейтін болған.

Демек, жоқтау, естірту, қоштасу сияқты мұн – шер өлеңдері сонау ежелгі көне дәуірден басталып, қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатқан халықтық өнердің үлкен бір саласы екенін көреміз.

Жоқтаудың ескі, көне түрі ассирияның ұлттық эпосы «Гильгамеш туралы эпоста» да, гректің атақты поэмасы «Илиада» да кездеседі. Яғни өлген адамды жоқтап өлең шығару дүние жүзіндегі елдердің бәрінің тарихында бар дәстүр. Бұл дәстүрдің түркі тілдес қазақ, қырғыз, өзбек, түркмен халықтарының өмірінде ертеден келе жатқандығын дәлелдейтін ескерткіштер, тасқа жазылған жазбалар, эпостық шығармалар, т.б. дәлелді мысалдар бар.

Бұл қайғы – зар, жылау – сықтау, естірту секілді қазақ халқының көңіл – күйі салтынан туған. Мұн – шер өлеңдері баяғы замандардан бері ел аузында сақталып келеді. Салт бойынша естірту, көңіл айту жырлары айтушы жанынан шығарылып айтылатыны белгілі.

Елім деп еңіреп туған ерлеріне, қол бастаған батырларын, ту көтерген ұлдарын ардақтау, олар дүние салғанда қастерлеп қою – барлық халықта бұрыннан келе жатқан салт екені мәлім. Осы бір ақындардың жоқтау өлеңдерінің халықтығын оның тіл тазалығынан, теңеу, ұқсату, әсірелеу сияқты көркем сөз үлгілерін келісті қолдана білгендіктерін де байқауға болады. Мысалы, «Енесі өлген жетім төлдей», «Қанатын

ұзын қайырған», «Биенің құлынындай жарасушы ем» дейтін жаттанды, жатық сөз өрнектері баласынан айрылған әкенің, не әкесінен жетім қалған бақытсыз баланың көңіл – күйінен, ішкі жан сырынан көп хабар береді. Бұлар айналадағы табиғат көріністерінен, қазақ халқының шаруашылық тіршілігінен алынған ұғымды, жатық ұқсатулар.[5. 234]

С.Сейфуллин шығармаларынан тұрмыс – салт жырларының, оның ішінде осы жоқтау, қоштасу өлеңдерінің белгі – бедерлерін кездестіруге болады.

Қоштасу, өсиет – жырлары, сыршылдық өлеңдерінің ертеден шыққан айқынырақ түрі өмір өтіп, өлім тұңғығынан мінбелеп төніп тұрғанда айтылатын сөз болғандықтан өлең – жырлардың түрі де сырлырақ болады. Ежелгі әдебиеттегі «Қоштасу» сарынымен жазылған Сәкеннің 1914 жылы жазылған «Қоштасқан жер» өлеңі.

Фольклор үлгілеріндегі эпостық дастандардың шығу тегін сөз еткенде, оның арғы төркінін тұрмыс – салт жырларынан іздегеніміз абзал. Демек, батыр жорыққа аттансын, оған, «қоштасу жыры», келін түскенде «үйлену салт жыры», жақын, тумалары қайтыс болғандардың жылап – сықтап айтатын «жоқтау» жырлары эпостық жырлардың негізін құрауы әбден мүмкін. Сонымен эпостық тұрмыс – салт жырларының түрі кездеседі. Мысалы: «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның ел – жұртымен қоштасуы, Алшағыр шауып әкеткеннен кейін бұғауға түскен ата – анасының батырды жоқтауы осындай. Тұрмыс – салт жырларының «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Жоқтау», «Қоштасу», «Естірту», «Көңіл - айту», «Жар-жар», «Сынсу», түрлерінен басқа эпоста сирек ұшырасатын «Сүйінші» жырында бар.[5.562]

Халық ауыз әдебиетіндегі осындай жоқтау жанрын Сәкен өз шығармаларына өзінше пайдаланғанына куә боламыз.

1. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 6 томдық., VI том, Алматы, 2010. - 456 бет

2. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 6 томдық., V том, Алматы, 2010. – 482 бет

3. Халық ауыз әдебиеті. Алматы, 2009. - 563 бет

4. Бес ғасыр жырлайды. 2 том. Алматы, 1999. – 651 бет.

5. Батырлар жыры. II том., Алматы., 1986. - 534 бе т.

В статье рассматриваются фольклорные мотивы напевы баксы и обрядово-бытовые песни казахского народа.

The article deals with folk motifs bucks tunes, folk - everyday songs of Kazakh people.